



*С.Торайғыров шығармаларындағы азаматтық
үні.*

Сабақтың мақсаты:

Әдебиетіміздегі азаматтық әуен, ұлттық рух айналасынан іздене отырып, С.Торайғыров шығармаларының негізгі сарыны, азаматтық үні, ұлттық бояуына үңілу, талдау жасау, дәлелдеу, оның басты ерекшелігін саралау зерттеу.

- Қазақ әдебиеті тарихындағы азаматтық әуен, ол туралы ғалымдар зерттеулері.



С.Торайғыров – қазақ тарихында ой санасы ең қырағы, ең қанатты, ең қазыналы қайраткерлердің бірі.

Темірғали Нұртазин

```
graph TD; A[Жаңа білімді меңгерту моделі] --- B[Ғалымдар пікірі]; A --- C[Оқушылар мен мұғалім пікірі]; A --- D[Оқулық];
```

Жаңа білімді
меңгерту
моделі

Ғалымдар
пікірі

Оқушылар мен
мұғалім пікірі

Оқулық

I кезең. *Қазақ әдебиеті тарихындағы азаматтық әуен, ол туралы ғалымдар зерттеулері.*

“Бүгінгі қазақ өлеңдеріндегі ең қымбат, ең қызықты проблемалардың қатарында өзекті екі желіні атап едік. Олар – поэзиямыздағы халықтық рух пен азаматтық әуен, дауыс”

А.Егеубаев “Сыр мен сымбат” А, 1981ж

Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның әлеуметтік мәселелерді қозғайтын бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді.

З.Ахметов “Әдебиеттану терминдер сөздігі” А, Ана тілі, 1998

Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жағдайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас. Ол қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да лирикада сол кезеңнің шындығы мен сыры жатады”

З.Қабдолов “Сөз өнері” А, 1992ж

Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке мені туралы айтса, жалпы жұрт туралы, бүкіл адам баласы туралы айтқаны. Өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән күллі қасиеттердің бәрі бар”

Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. А, 1950ж

«Поэзиядағы азаматтық әуен де ең алдымен ақынның азаматтық тұлғасына байланысты. Ақынның азаматтық тұлғасын оның азаматтық үні ғана таныта алады”

Қирабаев С. Шығармалар, II том, А, 1992ж



II кезең. “Шығамын тірі болсам адам болып...”

Шығамын тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жалғанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.
Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белін буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған...

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бар дағы жең.
Дүниеде барлығыңды кім біледі,
Үйінде ынжықтанып отырсаң сен...


Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кірермін...

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр,
Мынау қырда қазақ тұр
Бастарында азап тұр...


Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек, көбірек тұрсын, бәріне таныс жетілген жұрттардың қатарына қосу керек; олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп ат салысу керек... Бізге керегі қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу керек.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

III кезең “Ұлылар үндестігі”




Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың
Абай



Жуаны қылады зорлық
Момынның көргені қорлық
Теп-тегіс қулық пен зорлық
Ал енді қайтіп ел болдық?
Шөкәрім



Найзамен қанша түртсе де,
Жатырсың, қазақ оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, алла-ай...



Қазағым – елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқын,
Ұйықтайтын бар не сиқың!
А.Байтұрсынов

Өткен сағым, келер алдым бір мұнар
Қызылшылсың қыздырғанға тым құмар
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!
М.Дулатұлы

Дәстүр мен жаңашылдық

- Ашылды кітап кірпігі баяу...
- Аталы сөздің сиқыры бар-ау
- Оята алмай арманда кеткен
- Ұрпағы әлі ұйқылы ояу...

Ұ.Есдаулет

Туған үйімнің терезесінен,
Қазақстан даласы көрінеді.
Аспанда ақша бұлт керіледі.
Ақша бұлтқа жолдаған сәлемі деп,
Ошағымның түтіні өрілді

IV Кезең Шығармашылық жұмыстар

- Балама жазу (Төмендегі өлеңдерге)
“Тұрмыста үмітім көп жеңем деген...”
“Шығамын тірі болсам, адам болып...”
“Үмітпенен жоқ қуған...”
- “Шындықтың аулын іздеп түстім жолға...” (Модель қорғау)

Шындықтың жолы

Жеңіс жолы

Сенім, жігер жолы

Адамдықтың жолы

Надандыққа қарсы жол

Қажусыз, ашусыз жол

Ойлы, қажырлы жол

Күрес жолы

Шындықтың аулын іздеп шықтым жолға...

(Тұрмыста үмітім көп жеңем деген)

(Жеңуге жігеріме сенем деген)

(Шығамын тірі болсам адам болып...)

(Жүрмеймін бұл жалғанда надан болып)

Менде жоқ қажу деген, ашу деген...

Ойымда тек сол белден асу деген...

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең...

Бағалау парағы

№	АТЫ Жөні	I	II	III	IV	Б.Н	

■ “Қай заманда да қазақ өлеңінің бағы тайып, сағы сынған жері жоқ. Заман сырын, замандас келбетін, яғни, өмірдің өзін жырлау жөнінде қазақ ақындарының мойнында қарыз жоқ сияқты. Атам заманғы Кет Бұға, Асан Қайғыдан, Абайға, кешегі Мағжаннан Мұқағалиға дейінгі аралықтағы ақындардың шығармаларын оқи отырып, осындай ойға қалып, түйін түйесің және бұл пікірдің талассыз екенін мойындайсың...”

Құрманғали Қ.

Сан ғасырлар ауыр тірлігін әнмен, өлеңмен “жеңілдетіп” келген, табиғаттың өзі ақын етіп жаратқан бабаларымыздың асқақ үні, ізі бар сөз өнері әлемі өзіндік бояуымен кемеліне келіп, айшықтана түсуде. Әсіресе, оны азаматтық әуен мен ұлттық рух биіктете түсуде.

Абайдан бастау алған жазба әдебиетіндегі азаматтық сарын, ұлттық рух Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен, Ілияс сынды ақындар үнімен өрлей түсіп, тіпті қазіргі поэзияда да қанатын шарықтата көсілуде.